-Меншік иесіне нұсқама өткізу, қазандықты жұмысқа қосу, қызмет көрсету, бұзылуды жөндеу, газ құбырларын жөндеуді газ шаруашылығын немесе оның қызметтерін атқаратын пайдаланушы ұйым жүргізеді.

-Түтіндікті бақылау мен тазарту, жылыту жүйесін жөндеу мен қадағалауды қазандықтың меншік иесі жүргізеді.

# 1 СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСЫ

## 1.1 Тағайындалуы

Қазандық 0,3МПа жұмысы қысымымен су жылыту жүйелерімен жабдықталған тұрғын үй-жайларды жылумен қамтамасыз етуге арналған.

Климатқа сәйкес орнатылу түрі УХЛ, орналастыру санаты МемСТ15150-69 4.2, қазандық орнатылатын үй-жайдағы температураның мәні төменде берілген.

Бұйымның орындалуы	Бұйымның санаты	Пайдалану кезіндегі ауа температурасының мәні, °С			
		Жұмыс		Шекті жұмыс	
УХЛ	4.2	жоғары	төмен	жоғары	төмен
		+35	+10	+40	+1

Жылыту қазандығының шартты атауларының жазылу үлгісі, тапсырыста:

- жылу өнімділігі 12,5 кВт, болат ыстық жылу алмастырғыш, «SIT Group» автоматикасы және «POLIDORO» құбырлары бар: КОВ-12,5 СТ1 «Сигнал» қазандығы, ТШ 4931-048-07508919-2000,
- осындай контурымен ыстық су: КОВ-12,5СТПВ1 пс «Сигнал» ТШ 4931-048-07508919-2000.

Біздің қазандықтың айрықша ерекшеліктері болып табылады:

- жабық үлгідегі жылыту жүйесіндегі және жылу тасымалдағыштың еріксіз айдайтын қазандарды пайдалану мүмкіндігі;
- қазандықтың МемСТ 20548-87, МемСТ Р 51733-2001 және КЕДЕН ОДАҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТІНІҢ ТР ТС 016/2011 талаптарына сәйкестігі.

## **1.2 Жиынтықтылығы**

1.2.1 Қазандықтың жиынтықтылығы төменде көрсетілген.

Атауы	Саны, дана	Ескерту
Қазандық	1	
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1	

## **1.3 Таңбалануы**

1.3.1 Қазандықтың таңбалануы қазандықтың тақтайшасына жазылған.

1.3.2 Орау ыдысының манипуляциялық таңбалары бар.

## **1.4 Оралуы**

1.4.1 Қазандыққа арналған пайдалану жөніндегі нұсқаулықты пакетке салып, құбырға кендіржіппен байлап, оттыққа бекітеді.

1.4.2 Қазандықты ағаш орамаға орналастырады.

## 1.5 Техникалық сипаттамалары

Техникалық деректері, негізгі параметрлері және сипаттамалары 1-кестеде берілген.

1-кесте

Параметрдің атауы	Көрсеткіштердің мәндері													
	КОВ-10СТ1пс «Сигнал»	КОВ-12,5СТ1пс «Сигнал»	КОВ-16СТ1пс «Сигнал»	КОВ-20СТ1пс «Сигнал»	КОВ-25СТ1пс «Сигнал»	КОВ-31,5СТ1пс «Сигнал»	КОВ-40СТ1пс «Сигнал»	КОВ-50СТ1пс «Сигнал»	КОВ-12,5СТПВ1пс «Сигнал»	КОВ-16СТПВ1пс «Сигнал»	КОВ-20СТПВ1пс «Сигнал»	КОВ-25СТПВ1пс «Сигнал»	КОВ-31,5СТПВ1пс «Сигнал»	КОВ-40СТПВ1пс «Сигнал»
1 Қазандықтың номинал жылу өнімділігі, N <sub>ном.</sub> кВт	10	12,5	16	20	25	31,5	40	50	12,5	16	20	25	31,5	40
2 Номинал жылу өнімділігінде газдың жұмсалуды, Q, нм <sup>3</sup> /сағ	1,19	1,48	1,9	2,38	2,98	3,75	4,76	5,95	1,48	1,9	2,38	2,98	3,75	4,76
3 Газдың орташа шығыны, м <sup>3</sup> /сағ	0,6	0,74	1,0	1,2	1,5	1,9	2,4	2,95	0,74	1,0	1,2	1,5	1,9	2,4
4 Қазандыққа сыятын су көлемі, V, л	30	27	25	35	31	45	50	27	25	35	31	45	45	
5 Пайдалы әсер коэффициенті, η, %, кем емес	87...90													
6 Отын түрі	Табиғи газ МемСТ 5542-2014 бойынша													
7 Қазандықтың кірісіндегі табиғи газдың номинал қысымы, Па	1300													
8 Табиғи газдың қысым диапазоны, Па	600...1800													
9 Судың жұмыс қысымы, P <sub>жұм.</sub> жылыту жүйесінде, МПа, артық емес	0,3													
10 Қазандықтың шығысындағы су температурасын реттеу диапазоны, °С	40...90 (1...7) EUROSIT, MINISIT үшін және 30...90 SIT 820 NOVA mV үшін													
11 Қазандықтың сыртынан ауаның сиретілуінің ұсынылған диапазоны, Па	25 дейін				40 дейін				25 дейін				40 дейін	
12 Қазандықтың шығысында жану өнімдерінің температурасы, °С, кем емес	110													
13 МемСТ 6357-81 бойынша суды жеткізу және бұру үшін келте құбырларға жалғау бұрандасы	G1½ -B			G2 -B				G1½ -B			G2 -B			
14 Түтіндіктің диаметрі, а мм	100			130	140	150	100	130	140					
15 МемСТ 6357-81 бойынша газды келте қосқыштың жалғау бұрандасы	G½-B КОВ-10...25СТ(ПВ)1 пс үшін G¾ -B КОВ-31,5...40СТ(ПВ)1 пс, КОВ-50СТ1пс үшін													
16 МемСТ 6357-81 бойынша санитарлық суды жеткізу және бұру үшін келте құбырлардың жалғау бұрандасы									G½ -B					
17 Санитарлық қажеттіліктерге арналған судың жұмсалуды, л/мин, Δt= 35 °С болғанда									5,2	5,4	7,8			
18 Салмағы, кг, артық емес	49	52	56	68	72	96	109	56	60	72	76	100		
19 Габариттік өлшемдері, мм, артық емес:														
- Тереңдігі	430			475				585			585			
- Ені	340			390				535			535			
- Биіктігі (А)	850			850				870			930			
	430			475				585			585			
	340			390				535			535			
	850			850				870			930			

## 1.6 Құрылысы

1.6.1 Қазандық келесі негізгі тораптардан тұрады, олар: жылу алмастырғыш, жанарғы, тарту және шекті температура бойынша қауіпсіздік датчиктері, пьезотұтандырғыш, температура индикаторлары, ал КОВ-СТПВ1 пс «Сигнал» қазандығында - қосымша мыс ирек түтік кіреді.

Тұтандыру оттығының жалынындағы жылу буы ЭҚК шығарады, ол газ тұтандыру құрылғысының кіріс газ клапанының электр магниті орамына беріледі және оны ашады.

Электр магнит (ЭМК) клапанды ашық күйде ұстап тұрады – газ газ тұтандыру құрылғысының құрамына кіретін пилотты (тұтандыру) және негізгі тұтандырғыштарына келіп түседі. Газ клапанының басқару тұтқасында немесе реттеуші термостаттың<sup>5</sup> тұтқасында төменде берілген су қазандығынан шығатын температураның мәні беріледі.

Реттегіш шкаласындағы цифрлар	Судың қайнау температурасының диапазоны, °С
(1...7) <sup>6</sup>	(40...90) <sup>6</sup>

Берілген су температурасына жеткенде жылу реттегішінің клапаны жабылып, газдың негізгі жанарғыға келіп түсуін азайтады да, жылу өнімділігін автоматты түрде реттейді.

Тарту қауіпсіздігінің датчигі немесе шекті температурасы бойынша қауіпсіздік датчигі оттықтағы тарту бұзылған кезде немесе тиісінше шығатын судың шығу температурасы 95°С жоғары болғанда кіру клапанының электр магнитінің қорек тізбегі үзіледі, кіру клапаны газдың негізгі клапанға мен тұтандыру оттығына газдың өтуін жауып, оттық сөнеді. Термобу суып, термо ЭҚК өндіруші тоқтатады. Оттықтың тұтануы шығатын судың қызып кетуін немесе оттықтағы тартудың аяқталуын шығаратын себептерді бұзғаннан кейін қолмен жүргізіледі.

Газ клапанының құрылысы 1...3-суреттерде берілген.

Қазандықтың конструкциясы 4а, 4б-суреттерінде берілген.

Электр схемасы – 5 және 6-суреттер.

Қазандыққа монтаж жасау – 7 және 4-суреттерде.

***Бұйымды реттеу завод жағдайларында кәсіпорында орнатылған газ қысымына жүргізілгенде, тұтынушыға қазандықты орнатқанда газ магистралына қосылатын газ клапанын қосымша реттеуді талап етеді.***

<sup>5</sup> Қазандық үлгілері үшін: КОВ-31,5СТ1пс «Сигнал», КОВ-31,5СТПВ1пс «Сигнал», КОВ-40СТ1пс «Сигнал», КОВ-40СТПВ1пс «Сигнал», КОВ-50СТ1пс «Сигнал» » блоктары Sit 820 NOVA mV.

<sup>6</sup> Қазандық үлгілері үшін: КОВ-10...20СТ1пс «Сигнал», КОВ-10...20СТПВ1пс «Сигнал» блоктары 630 EUROSIT және КОВ-25СТ1пс «Сигнал», КОВ-25СТПВ1пс «Сигнал» блогы 710 MINISIT.

**Реттеуді газ қызметінің, не болмаса авторландырылған сервистік орталықтың мамандары жүргізуі тиіс. Реттеудің қажеттілігін тек осы мамандар ғана айқындай алады!**

**630 EUROSIT клапанын реттеу және баптау (1-суретті қараңыз)**

кажет болғанда жүргізіледі.

**Газдың максимум және минимум шығынын баптау.**

**Баптаулар салқын термобаллонда орындалады.**

**Газдың максимум шығынын баптау (газ қысымын реттеумен жасалу).**

Басқару тұтқасын 3 7-күйге бұраңыз.

Қысымды реттегішті 2 сағат тілімен бұрғанда - газ шығыны артады.

**Қысым реттегішінің функцияларын ажырату.**

Қысым реттегішін 2 сағат тілімен толық бұраңыз.

**Газдың минимум шығынын баптау.**


Басқару тұтқасын 3 сағат тілімен минимум қуат күйіне (негізгі жанарғылардың сөндірілуіне жақын) жайлап бұрыңыз. Баптау бұрандарын 5 сағат тіліне қарсы бұрған кезде газдың жұмсалуды артады.

**Пилотты жанарғыға газдың берілуін баптау.**

Бұранды 4 сағат тілімен бұрған кезде - газдың жұмсалуды шығыны азаяды.

**Пилотты жанарғыға газдың берілуін баптау функциясын сөндіру.**

Баптау бұранын 4 толық бұраңыз, ал содан кейін оны екі айналымға бұрап шығарып, белгілеп алыңыз.




- 1- Термобаллон;
- 2'- газдың максимум шығынын реттеуші - қысым реттеуші;
- 3- басқару тұтқасы;
- 4- пилотты жанарғыға газдың берілісін баптау бұраны;
- 5- газдың минимум шығынын баптау бұраны.

**1-сурет - 630 EUROSIT клапанын реттеу органдары**

**710 MINISIT клапанын реттеу** (2-суретті қараңыз) қажет болғанда жүргізіледі.

**Баптау салқын термобаллон болғанда орындалады.**



1-тұтандыру батырмасы; 2-сөндіру батырмасы; 3-пъез электр тұтандыру батырмасы; 4-температураны реттеу батырмасы; 5-пилотты жанарғыда газды реттеу бұраны; 6-газды минимум берілуін реттеу бұраны; 8-шығу қысымын реттеу бұраны (қысым реттегіші бар клапанды жасау); 9-газдың шығу қысымын өлшеуге арналған келте қосқышы; 10-газдың шығу қысымын өлшеуге арналған келте қосқыш; 11- термобуды қосуға арналған слот; 12-пилотты жанарғыға газдың шығуы; 13-магистральды газдың кіруі; 14(15)-газдың негізгі жанарғыға шығуы; 16-бұрыш фланецті орнатуға арналған саңылау; 17-монтаж жасау саңылаулары; 18-термостаттың датчигі

**2-сурет - 710 MINISIT клапанының басқару және реттеу органдары**

### **Төмен деңгейлі жалынды баптау**

Бұранды 6 сағат тілі бойынша газ аз жұмсалатындай етіп бұрыңыз, ал сағат тіліне қарсы газды арттыру үшін бұрайды.

### **Газдың аз жұмсалуды баптау (газ қысымы реттеуішімен орындау).**


Реттеуіш тұтқасын 4 жайлап минимум қуат күйіне бұраңыз (негізгі жанарғылардың сөндірілуіне жақын).

- Баптау бұранын 6 сағат тіліне қарсы бұрғанда газдың жұмсалуды артады.
- Баптау бұранын 6 сағат тіліне қарсы бұрған кезде газдың жұмсалуды азаяды.

### **Пилотты жанарғыға газдың берілуін баптау**


- Бұранды 5 сағат тілімен бұраған кезде – газдың жұмсалуды азаяды, ал сағат тіліне қарсы бұрағанда – газдың жұмсалуды артады. Толық бұрағаннан кейін бұранды 2 айналымнан артық бұрауға болмайды!

**Sit 820 NOVA mV клапанын реттеу** (3-суретті қараңыз), қажет болған жағдайда келесі бірізділікте жүргізіледі.



1-жұмыс режимін таңдау тұтқасы; 2-негізгі жанарғыға газ қысымын баптау; 3-тұтандырғыш жанарғыға қысымды баптау; 4-термобу ұясы; 5-термобудың қосымша ұясы; 6-пъез жалындағышы бар ұстатқышты беткітуге арналған саңылау; 7-кіру қысымын өлшеуге арналған келте қосқышы; 8-шығу қысымын өлшеу келте қосқышы; 9-ілмекті клапан; 10-тұтандырғыш жанарғыға газдың шығуы; 11-негізгі жанарғыға газдың шығуы; 12-фланецті бектітуге арналған саңылау; 13-қосымша саңылаулар; 14-қысым реттегішінің шығысы; 15-электрлі қосылысқа арналған түйіспелі пластиналар.

**3-сурет - Sit 820 NOVA mV клапанының басқару және реттеу органдары**



**Газдың шығу қысымын баптау (негізгі жанарғыда).**

Бітеуішті алыңыз (A). Бұранды (B) сағат тілімен бұрған кезде – газдың жұмсалу шығыны артады. Баптау аяқталғаннан кейін бітеуішті (A) орнатыңыз.

**Газдың тұтандырғыш жанарғыға берілуін баптау.**

Бұранды 3-поз. сағат тілі бойынша бұрған кезде – шығын азаяды.

**Бастапқы баптуға қайту үшін:**


баптау бұранын 3-поз. толық бұраңыз да, ал содан кейін оны екі айналымға бұраңыз.

**Назар аударыңыз!**


*Реттеуді аяқтағанда клапанның дұрыс жиналғандығына, көз жеткізіңіз де, нығыздағыштардың қымталуын тексеріңіз, газдың шықпауын тексеріңіз. Тиісті максимум және минимум газ қысымында жалынның үзіліп немесе өтуіне мүлде жол берілмейді. Реттеу*



жұмыстарын орындағаннан кейін баптау бұрандарын бояумен белгілеңіз.



4а-сурет – «Комфорт» сериялы «КОВ-31,5...40СТ(ПВ)1пс «Сигнал» қазандығы



4б-сурет – «Комфорт» сериялы КОВ-10...25СТ(ПВ)1пс «Сигнал» қазандығы

1-жылу алмастырғыш; 2-газ жанарғы құрылғысы; 3-газ жанарғысының реттеу блогы<sup>7</sup>; 4-тұтандырғыш жанарғысы; 5-термогенератор және термо бу<sup>8</sup>; 6-сильфон жеткізу<sup>5</sup> (жеткізу жиынтығына кірмейді); 7-есік; 8-аспапты панель; 9-термореттегіш; 10-жылыту суының температура индикаторы; 11-ДБТ тарту бойынша қауіпсіздік датчигі; 12-ДБПТшекті температура бойынша қауіпсіздік датчигі; 13-тартқыш стабилизаторы; 14-жылу оқшауландырғыш; 15-кіретін жылыту суының жалғау келте құбыры; 16-шығатын жылыту суының жалғау келте құбыры; 17-түтіндікті жалғаушы келте құбыр; 18-ағызу келте құбыры.


<sup>7</sup> КОВ-10...20СТ1пс «Сигнал», КОВ-10...20СТПВ1пс «Сигнал» қазандықтарында - 630 EuroSIT; КОВ-25СТ1пс «Сигнал», КОВ-25СТПВ1пс «Сигнал» - 710 MiniSIT;

КОВ-31,5...50СТ1пс «Сигнал», КОВ-31,5...40СТПВ1пс «Сигнал» - Sit 820 NOVA mV;


<sup>8</sup> КОВ-10...25СТ1пс «Сигнал»; КОВ-10...25СТПВ1пс «Сигнал» қазандықтарында жылу буы ғана болады.

<sup>5</sup> КОВ-10...25СТ1пс «Сигнал»; КОВ-10...25СТПВ1пс «Сигнал» қазандықтарында - 1/2", КОВ-31,5...50СТ1пс «Сигнал»; КОВ-31,5...40СТПВ1пс «Сигнал» - 3/4".

## Қағидатты электр схемалары



5-сурет –  
КОВ-10...25СТ(ПВ)1пс «Сигнал»  
«Комфорт» сериялы қазандығы  
630 Eurosit немесе  
710 MiniSIT газ клапанымен



6-сурет –  
КОВ-31,5...40СТ(ПВ)1пс«Сигнал»,  
КОВ-50СТ1пс «Сигнал»  
«Комфорт» сериялы қазандығы  
Sit 820 NOVA mV  
газ клапанымен

1-газ блогы; 2-термогенератор; 3-термобу; 4-TR2 реттеу термостаты; 5-тарту датчигі; 6-шекті температура бойынша датчик; 7-бөлме термостаты (тапсырыспен жеткізу); 8-термоүзгіш.

## 2 МАҚСАТЫНА ҚАРАЙ ПАЙДАЛАНУ

### 2.1 Қазандықты пайдалануға даярлау.

#### 2.1.1 Қауіпсіздік шаралары

***Назар аударыңыз!*** Қазандықты орнатуды, оны қосуды тек ПБ-12-529-03 сәйкес аттестациядан өткен арнайы мамандандырылған ұйымдардың, сервистік орталықтардың, газбен қамтамасыз етуші ұйымдардың персоналы жүргізе алады!

*Қазандыққа техникалық қызмет көрсетуді тек арнайы білімі бар, біліктілігі бар персонал ғана жүргізе алады.*

Қазандықпен жұмыс істер алдында пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықпен танысу қажет.

### **ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:**

- **ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАМАДАН ӨТПЕГЕН ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚОСУЫНА;**
- **ГАЗ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК АВТОМАТИКАСЫ БҰЗЫЛҒАНДА ҚАЗАНДЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУҒА;**
- **ЖЫЛУ БЕРІЛЕТІН МАУСЫМДА ТҰРМЫСТЫҚ МАҚСАТТАРДА ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІНЕН ЫСТЫҚ СУДЫ ҚОЛДАНУҒА;**
- **ГАЗДЫҢ ШЫҒУ ОРНЫН АНЫҚТАУ ҮШІН ОТТЫ ПАЙДАЛАНУҒА;**
- **ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ОТТЫҒЫНДА СЕЙІЛТУ ЖӘНЕ ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІН СУМЕН ТОЛТЫРУСЫЗ ГАЗ ОТТЫҒЫН ТҰТАНДЫРУҒА;**
- **ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СУ АЙНАЛЫМЫ БОЛМАҒАНДА ҚАЗАНДЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУҒА;**
- **БАСҚАРУ БЛОГЫНЫҢ ТҰТҚАСЫ «ЗАКРЫТО/ЖАБЫҚ» КҮЙІНДЕ ТҰРҒАНДЫҒЫН ТЕКСЕРМЕСТЕН ГАЗ ҚҰБЫРЫНДАҒЫ КРАНДЫ АШУҒА;**
- **ГАЗ ТҰТАНДЫРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ЖЕКЕ ДАРА ЖӨНДЕУГЕ ЖӘНЕ МОНТАЖДАУҒА НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР КОНСТРУКЦИЯЛЫҚ ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУГЕ;**
- **ГАЗ ТҰТАНДЫРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛШЕКТЕРІНЕ МЕТАЛЛ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ЗАТТАРМЕН ТАРСЫЛДАТУҒА.**

#### **2.1.2 Қазандықты сыртынан тексеру көлемі және бірізділігі.**

2.1.2.1 Қазандықты орамасынан ашып, оның механикалық зақымдалуының болмауына көз жеткізу. Бұйымның жиынтықтылығын 1.2.1-т. сәйкес тексеру.

#### **2.1.3 Қазандықты орналастыру және монтаж жөніндегі талаптары мен нұсқаулары**

2.1.3.1 Газды жеткізу, қазандыққа сақтандыру жөніндегі қызметтер мен жөндеуді арнайы мамандандырылған ұйым мен жергілікті газ шаруашылығы басқармасы РФ Мемтехқадағалау бекіткен «Газ

шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелері» және құрылыс нормалары мен ережелеріне ҚНЖәнеЕ сәйкес жүргізеді.

Жылыту суын еріксіз айналдыруы бар қазандықты пайдаланғанда және жылыту жүйелерінде ұлғайтушы бағы мен сақтандыру клапаны міндетті түрде орнатылуы тиіс (сақтандыру клапаны қазандықтан қалай да ілмекті құрылғыдан бөлінбеуі қажет).

**Қазандық орнатылатын үй-жайдың ауданы СП41-108-2004 сәйкес болуы тиіс.**

Қабырға мен қазандықтың қаптамасының арасындағы арақашықтық мына мәндерден кем болмауы тиіс:

- 150 мм артынан, оң жағынан және сол жағынан;
- 900 мм алдынан.

Қазандық орнатылатын үй-жайда жану үшін қажетті ауа көлемінің еден мен төбе ойықтары арқылы келіп түсуін қарастыру қажет.

Ойықтардың саңылауларының қосынды көлемі  $1 \text{ см}^2$  есептен әрбір 225 Вт қуат.

Мысалы, КОВ- 12,5СТ1пс – қазандықтың қуаты - 12,5 кВт.

Онда ойық саңылауының ауданы мына мәнде болады:

$$F = \frac{N_{от}}{225} = \frac{12500}{225} = 55,6 \text{ см}^2$$

Үй-жайда сақтандыру жұмыстарын жүргізгенде қазандыққа кедергісіз қатынау үшін үй-жай жеткілікті болуы керек және температурасы бойынша 1.1-т. талаптарына сәйкес болуы қажет.

### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

**ҚАЗАНДЫҚТЫ ЖАНАС ШҰҢҚЫРЛАРҒА ОРНАТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

*Монтаж жасау және пайдалану алдында осы нұсқаулықта берілген қағидалармен және ұсыныстармен мұқият танысыңыз.*

Қазандыққа монтаж жасау, пайдалану жөніндегі нұсқаманы, жұмысқа қосуды, сақтандыру қызметтерін көрсету мен жөндеуді арнайы мамандандырылған ұйым мен жергілікті газ шаруашылығы басқармасы РФ Ростехқадағалау бекіткен ПБ12-529-2003 және РФ Мемқұрылысының ҚНЖәнеЕ 41-01-2003 және ҚНЖәнеЕ 41-108-2004 құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес, қазандықты орнатуға арналған бақылау талонын міндетті түрде толтыра отырып жүргізеді.

Қазандықты газ магистралына қосу артқы жақ қабырғасындағы саңылау арқылы сильфонды шланг арқылы жүргізеді. Жалғану орындарының саңылаусыздығын сабындау арқылы тексеріңіз.

*Газдың шығуын анықтау үшін жалынды немесе ұшқынды пайдалануға тыйым салынады. Бұл мақсат үшін тек сабын көбігін,*

*арнайы арналған сұйық құрамдардың немесе арнайы азуды іздеуші құралдарды пайдалануға болады.*

КОВ-СТПВ1пс «Сигнал» қазандықтары үшін жылыту жүйесінің шығыс келте құбырына Сіздің жүйеңіздің өткізгіш диаметрі бар дөңгелек кранды орнатыңыз. Кран жылыту мерзімі тоқтаған кезеңде ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету үшін және жылыту жүйесін сөндіру үшін қажет.

***ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІ МЕН ГАЗ МАГИСТРАЛЫ БАР ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ЖАЛҒАНУЫ ТЕК ҚАЗАНДЫҚТЫ АЖЫРАТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БҰРАНДАЛЫ БОЛУЫ ТИІС.***

Газбен қамтамасыз ету жүйелеріне монтаж жасау кезінде пайдаланылатын материалдар (құбырлар, фитингілер, сүзгілер және басқалары) сертификатталған, қолдануға рұқсат берілген болуы тиіс. жіберілуі тиіс.

*Жылыту жүйесінің құбырларының көлденең учаскелері жылыту аспаптарына (жылыту радиаторларына) қарай және жылыту аспаптарынан қазанға 1м 10 мм кем емес еңіспен жасалауы қажет.*

*Жылытылмайтын үй-жайда қазандықты орнатқан кезде немесе құбырлар ашық кеңістікте өткізілгенде немесе үй-жайға жылу берілмеген кезде оларды мұқият жылыту қажет.*

*Ұлғайту бағы тікқұбырдың жоғарғы нүктесіне мүмкіндігінше жылу берілетін үй-жайда орнатылады. Жылу берілмейтін үй-жайда бакты орнатқан кезде құбырларды, бак пен ағызу түтігін мұқият жылылау қажет.*

*Жылыту жүйесінде бос «тығындардың» пайда болуы мүмкін болатындай учаскелер болмауы қажет.*

***ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІ МЕН ГАЗ МАГИСТРАЛЫ БАР ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ЖАЛҒАНУЫ ТЕК ҚАЗАНДЫҚТЫ АЖЫРАТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БҰРАНДАЛЫ БОЛУЫ ТИІС.***

Газбен қамтамасыз ету жүйелеріне монтаж жасау кезінде пайдаланылатын материалдар (құбырлар, фитингілер, сүзгілер және басқалары) сертификатталған, қолдануға рұқсат берілген болуы тиіс. жіберілуі тиіс.

*Жылыту жүйесінің құбырларының көлденең учаскелері жылыту аспаптарына (жылыту радиаторларына) қарай және жылыту аспаптарынан қазанға 1м 10 мм кем емес еңіспен жасалауы қажет.*

*Жылытылмайтын үй-жайда қазандықты орнатқан кезде немесе құбырлар ашық кеңістікте өткізілгенде немесе үй-жайға жылу берілмеген кезде оларды мұқият жылыту қажет.*

*Ұлғайту бағы тікқұбырдың жоғарғы нүктесіне мүмкіндігінше жылу берілетін үй-жайда орнатылады. Жылу берілмейтін үй-жайда бакты орнатқан кезде құбырларды, бак пен ағызу түтігін мұқият жылылау қажет.*

*Жылыту жүйесінде бос «тығындардың» пайда болуы мүмкін болатындай учаскелер болмауы қажет.*

Құбырлар, жылыту аспаптары (жылыту радиаторлары) мен жалғану орындары қымтақты болуы керек, судың ағуы болмауы керек.

### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- *Осы нұсқаулықта берілген қазидаларды бұзған жағдайда қазан кепілді жөндеуге жатпайды.*


## **ЕШҚАШАН ТАРТУ БОЙЫНША ҚАУІПСІЗДІК ДАТЧИКТЕРІ БАР ЖЕКЕ ҚИМЫЛДАРДЫ ЖАСАУҒА БОЛМАЙДЫ!**

Қазандықты газбен қамтамасыз ету жүйесіне қосқаннан кейін және жылыту жүйесін жылу тасымалдағышпен толтырғаннан кейін арнайы мамандандырылған сервистік орталықтың немесе жергілікті газ шаруашылығы басқармасының қызметкерлері температуралық режимдерді реттеу және қауіпсіздік автоматикасының іске қосылуын реттеп, тексеруі қажет.

### **2.1.4 Жылыту жүйесіне қойылатын талаптар.**


**2.1.4.1** Монтаж жасау алдында және пайдалану алдында жылыту жүйесін бірнеше рет шайып алу қажет.

Ұсынылған монтаж схемасы төменде берілген.



1 - қазандық; 2 – жылыту жүйесінің радиаторлары; 3 – ұлғайту бағы; 4 – су құбырынан жүйені толтыру/сіндіру краны; 5 – байпас кран; 6 – жылыту жүйесін сөндіру краны; 7 – магистральды су құбырына қосылу краны; 8 – қазандықтың ЫСЖ контурына қосылу краны; 9 – «суық су» краны; 10 – «ыстық су» краны.

**7-сурет – ЫСЖ контуры бар қазандықты табиғи айналымы бар жүйеге монтаж жасау**



1 - қазандық; 2 – жылыту жүйесінің радиаторлары; 3 – кеңейту бағы;  
4 – су құбырынан жүйені толтыру/сіңіру краны

### **8-сурет – ЫСЖ контуры жоқ қазандықты табиғи айналымы бар жүйеге монтаж жасау**

Монтаж жасау барысында қолданылатын материалдар лайдан, тоттанудан, қақ басудан және т.с.с. тазартылуы тиіс.

Ыстық сумен жабдықтау жүйесінде түрлі құбырлар қолданылуы мүмкін: мыс, болат, алюминий фольгасы бар пластик және т.б. құбырлар.

Қазандықтың кері жылу суының шығысына сүзгі (қалдық жинаушы, торлы сүзгісі бар лай жинаушы) орнатып, сүзгіні кезең сайын тазартып отыру қажет, сондай –ақ **3,5 bar авариялық-жинау клапанын (сақтандыру клапанын)** тазартып отыру қажет.

Монтаж жасау аяқталғаннан кейін гидравилкалық сынақ өткізіп, мүмкін ағу жолдарын жою қажет.

**КПД жылу алмасуын нашарлатып, азайтуы** мүмкін ішкі қабырғалардағы қақтың, **сондай-ақ қақтың жылу алмастырғышының тоттануын** болдырмас үшін қазандықты және жылыту жүйесін РД 24.031.120-91 талаптарымен ауыз сумен МемСТ 2874-82 бойынша толтыру, не болмаса арнайы даярланған сумен, мысалы тазартылған сумен толтыру қажет.

Суды химиялық тазарту бойынша білікті мамандардан кеңес алыңыз.

### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

**ТОСОЛ МЕН БАСҚА ҚАТПАЙТЫН СҰЙЫҚТЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙДЫ.**

**ЖЫЛУ БЕРІЛМЕЙТІН КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАНДЫҚ ПЕН ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СУДЫ АҒЫЗУҒА БОЛМАЙДЫ.**

Суды кеңейткіш баққа оның буланып шығу шамасына қарай қосыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШТЫҢ КІРУІ МЕН ШЫҒЫСЫНДА ІЛМЕКТІ ҚҰРЫЛҒЫЛАР БОЛҒАНДА ЖӘНЕ ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШТА ОРНАТЫЛҒАН, НЕ БОЛМАСА ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШ ПЕН ІЛМЕКТІ ҚҰРЫЛҒЫ АРАСЫНДА 3,5 bar АВАРИЯЛЫҚ-ТҮСІРУ КЛАПАНЫ БОЛМАҒАНДА, ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШТАН АҚҚАН ЖАҒДАЙДА ШАҒЫМДАР ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ.**

## 2.1.5 Түтінді басу жүйесіне қойылатын талаптар.


2.1.5.1 Табиғи тартылуды қамтамасыз ету үшін түтінді басу жүйесіне келесі талаптар қойылады:

Түтін құбырының биіктігі 1-кестеде көрсетілген қазандықтың оттығында сейіледі (тартуды) қамтамасыз етуі тиіс, ол қазандықтың оттық камерасының деңгейінен 3..5 м кем болмауы қажет;

Түтіндік құрылысында жалғау құбыры болғанда, оны мына шарттардың бірінен таңдап алады:

- г) түтіндіктің (қуып таратудағы) тік учаскесі 9-суретке сәйкес;
- д) жалғау құбырының көлденең учаскесі 0,5 м артық болмауы тиіс;
- е) түтіндіктің көлденең қимасы жалғаушы құбырдан 10...15% артық болуы қажет.

Монтаж жасаудың ұсынылатын схемасы төменде берілген.



9-сурет – Түтіндікке монтаж жасау схемасы



Түтіндік құбырдың сыртқы бөлігі кемінде 20 мм қалыңдықтағы жылу оқшауландырғышпен жылылануы қажет.

Түтінді басудың дұрыс орындалған жүйесі қазандықтың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, оның қызмет ету мерзімін ұзартады.

### **2.1.6 Су бөлу орындарындағы ыстық судың температурасына қойылатын талаптар.**

2.1.6.1 Су бөлу нүктесінде ыстық судың температурасы 60°C артық болмауы тиіс. Бұл талап су бөлудің белгіленген режимінде 60°C артық емес судың қайнау температурасын қамтамасыз ететін күйге реттеуіштің тұтқасын орнатумен қамтамасыз етіледі. Температураны бақылау қазандықтың алдыңғы панеліндегі индикатор бойынша жүргізіледі.

#### **Назар аударыңыз!**

*Реттеуіштің тұтқасы 90 °C тиісті максимум температурасы күйінде болғанда ыстық судың температурасы 60°C жоғары болуы мүмкін, ол суды бөлудің белгіленбеген режимінде жоғары.*

### **2.1.7 Бұйымды орнату және жұмысқа даярлау.**

#### **Назар аударыңыз!**

*Қазандықты орнату мен оны қосуды тек авторландырылған персонал жобалық құжаттамаға сәйкес жүргізе алады!*

2.1.7.1 Қазандықты жылу жүйесіне қосуды бұрандалы жалғағыштардың көмегімен (1-кестені қараңыз).

Қазандықты түтіндікке жалғау (түтіндіктің диаметрі – 1-кестені қараңыз).

Газ клапанын газ құбырына құбырлар арқылы қосу.

Пьез тұтандыру батырмасын басу арқылы ұшқынның барлығына көз жеткізу қажет.

## **2.2 Қазандықты іске қосу**

2.2.1 Қазандықты бірінші рет іске қосуды авторландырылған персонал (сервистік қызмет) қазан келесі бірізділікте орнатылған кезде орындайды: Жылыту жүйесін суға толтыру.

Есікті ашыңыз.


Ағынды тарту өлшеуішімен тарту күшінің барлығын тексеріңіз (1-кестені қараңыз).

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ТАРТУ КҮШІ БОЛМАҒАН КЕЗДЕ ГАЗ ЖАНАРҒЫСЫН ТҰТАТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

Реттеуіштің тұтқасы «**ВЫКЛЮЧЕНО/СӨНДІРІЛГЕН**» күйінде тұрғандығына көз жеткізіңіз.

Газ кранын газ келетін құбырдан ашыңыз.


Реттеуіш тұтқасын «Запальная горелка/Тұтандыру жанарғысы» («★») күйіне бұрыңыз (10-суретті қараңыз)



Реттеу тұтқасын таяна тұрып, төменге басып, осы күйінде кемінде 1 минут ұстап тұрыңыз (газ құбырынан ауаны шығару үшін).

Пьез тұтандыру батырмасын («★») басып, тұтандырғыштың жанып тұрғандығына көз жеткізіңіз де, тұтқаны кемінде 40 секунд ұстап тұрыңыз.

630 EUROSIT, 710 MINISIT үшін: блоктың тұтқасын сағат тіліне қарсы «1» күйіне бұраңыз – негізгі жанарғылары аз жалынмен жануы тиіс.

Sit 820 NOVA mV үшін: терморегулятордың тұтқасын 40 бастап 90 °C дейін бұраңыз да, жұмыс режимін таңдауды «включено»  режиміне бұрыңыз - негізгі жанарғылар аз жалынмен жануы тиіс (төмендегі мәтінді қараңыз).

Ескерту: Sit 820 NOVA mV негізгі оттықтарын жаққанда тұтандыру жанарғыларының тұрақты жұмысынан соң 30 ...60 секундтан кейін жүзеге асырылады.

Түтіндік қызып, жылыту жүйесіндегі су айналымы басталғанша күте тұрыңыз (түтіндіктің және қазандыққа келетін құбырдың қызуын ұстап көру арқылы анықтаңыз).

Жылу жүйесі қызған кезде температура реттеуішінің шкаласын ауыстырумен 40-тан 90 °C дейінгі диапазонында шығатын судың қажетті температурасын белгілеу керек.

Есікті орнына салу.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

***ҚАЗАНДЫҚТЫ ТҰТАНДЫРҒАНДА ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШ ПЕН ТҮТІНДІК ҚҰБЫРЫНЫҢ САЛҚЫН ҚАБЫРҒАЛАРЫНДА СУ КОНДЕНСАТЫ ТҮЗЛЕДІ, ОЛ ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ОТТЫҒЫНА ТҮСЕДІ, ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШ ПЕН ТҮТІНДІК ҚҰБЫРЫ ҚЫЗҒАН КЕЗДЕ СУ КОНДЕНСАТЫ ТОҚТАЙДЫ.***

## Sit 820 NOVA mV клапандары бар қазандықтар үшін жұмыс режимін таңдау тұтқасының күйлері

**1-күй** – тұтандырғыш жанарғыны жағу. Басқару тұтқасын басыңыз да, оны

«Запальная горелка/Тұтандыру жанарғысына» ✨ бұрыңыз.


Тұтқаны басыңыз да, тұтандырғыш жанарғыны жағыңыз, ол үшін тұтқаны басылған күйде бірнеше секунд ұстап тұрыңыз.

Басқару тұтқасын жібере салыңыз да, тұтандыру жанарғысының жанғандығына көз жеткізіңіз. Егер тұтандырғыш өшіп қалса, тұтандыру процесін қайталаңыз.



**2-күй** – негізгі тұтандырғышты жағу. Басқару тұтқасын

жайлап басыңыз да, оны «включено/қосылған» 🔥 күйіне бұрыңыз.



### Кезекші позиция

Басқару тұтқасын «Запальная горелка/тұтандыру жанарғысына» ✨ күйіңіз. Негізгі жанарғыға газдың берілуі тоқтайды да, ал тұтандыру жанарғысы жағылған күйінде қалады.



**3-күй** – Қазандықты сөндіру

Басқару тұтқасын «выключено/сөндірілген» ● күйге бұрыңыз.



### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Апатты сөндіруден кейін аппаратты қайта қосу шамамен жалынды бақылау құрылғысы сөнгеннен кейін 60 секундтан кейін қайта жүргізілуі мүмкін. Бұл талап Sit 820 NOVA mV газдың беріліс реттегішінің конструкциялық жасалуымен қамтамасыз етілген. Басқару тұтқасын «Запальная горелка/тұтандыру жанарғысы» ✨ күйінен жалынды бақылайтын термобу салқындағаннан кейін ғана мүмкін. Термобу салқындағаннан кейін блокқа салатын күйде жалынды бақылаушы термоэлектр құрылғысын ұстап тұратын термо ЭҚК шығаруды тоқтатады.

## 2.3 Қазандықты сөндіру

### 2.3.1 Есікті ашу.

Қазандықты сөндіру реттеу тұтқасын «Выключено/сөндірілген» күйіне белгілеп қою арқылы жүргізіледі («●» 630 EUROSIT, 710 MINISIT және Sit 820 NOVA mV үшін).

#### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

***ҚОРҒАНЫСТЫҢ ІСКЕ ҚОСЫЛУЫМЕН БОЛҒАН ҚАЗАНДЫҚТЫ ӨШІРУ КЕЗІНДЕ (ТАРТУДЫҢ БОЛМАУЫ, ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШТЫҢ ҚЫЗЫП КЕТУІ) ҚАЙТА ҚОСУДЫ КЕМІНДЕ 1 МИНУТТЕН KEЙІН ҚАЗАНДЫҚТЫ ТОҚТАТҚАН СЕБЕПТІ АНЫҚТАҒАННАН KEЙІН ЖҮРГІЗУ ҚАЖЕТ!***

Газ келетін құбырдағы газ кранын жабу.

Есікті орнына қою.

Егер мына жағдайларда:

***- ТҰТАНДЫРҒЫШ ЖАНАРҒЫ ТҰТАНДЫРМАҚ БОЛҒАН БІРНЕШЕ ӘРЕКЕТТЕН KEЙІН СӨНЕДІ, БАРЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРДІ ТОҚТАТЫП, ГАЗ КЕЛЕТІН ҚҰБЫРДАҒЫ ГАЗ КРАНЫН ЖАУЫП, ГАЗ ҚЫЗМЕТІН НЕМЕСЕ СЕРВИСТІК ОРТАЛЫҚТЫ ШАҚЫРТУ ҚАЖЕТ!***

## 2.4 Ықтимал бұзылулар және оларды жөндеу тәсілдері.

2.4.1 Ықтимал бұзылулар және оларды жөндеу тәсілдері төменде көрсетілген.

Ықтимал бұзылу атаулары	Бұзылу себебі	Жөндеу тәсілі	Кім жөндейді
1	2	3	4
Қазандықтағы судың температурасы 90°C, ал жылыту радиаторлары салқын.	Жылыту жүйесінде су жоқ немесе судың айналуы әлсіз.	Жүйеге су толтыру.  Жүйедегі ауаны шығару.  Жылыту жүйесіндегі еңістердің сәйкессіздігін жою.	Қазандықтың меншік иесі. Қазандықтың меншік иесі. Қазандықтың меншік иесі.
Қазандықтың тұтандырғыш жанарғыларын тұтандырғанда пьезотұтандыру батырмасы қосылмайды.	Пьезотұтандыру жүйесі бұзылған.	Пьез тұтандырудың бұзылған элементін ауыстыру (уақытша, бұзылуды анықтаған сәттен бастап тез оттықты пайдаланудың бұзылуын жөндеуге дейін, ширатылған қағаз немесе сіріңкемен тұтандыру)	Шебер-баптаушы
Қазандықты тұтандырғанда электр магнитті клапан ашық күйде тұрмайды, тұтқаны жібергеннен кейін тұтандырғыш жанарғы сөнеді	Жылу генераторы-электр магниті электр тізбегінің үзілуі.  Жылу генераторы ЭҚК талап етілген шамадан аз шығарады. Электр магнит бұзылған.	Ұстатқыш қалыптардағы бұрандарды тартып бұрау, сымның тұтастығын тексеру, қазандықтың салмағына тұйықталудың болмауы.  Жылу генераторын ауыстыру  Электр магнитті ауыстыру.	Қазанның меншік иесі  Шебер-баптаушы  Шебер-баптаушы

Кестенің жалғасы.

1	2	3	4
«Запальник/тұтандырғыш» күйінде блок тұтқасын басқанда тұтандырғыш жанарғы жанбайды немесе негізгі жанарғыларды тұтатқанда қатты дүрсіл шығады	Газ сүзгісі бітелген.  Тұтандырғыш жанарғыда шүмек бітелген	Жанарғы блогының кірісіндегі сүзгіні тазарту. Тұтандыру жанарғысының шүмегін тазарту	Шебер-баптаушы  Шебер-баптаушы
Негізгі және тұтандырғыш жанарғылар сөнеді	Газдың берілуі сөндірілген. Қазандық оттығындағы кері тартқыш. Қазандықтағы судың қызып кетуі.	Жанарғылардың сөну себептерін айқындау.  Жанарғылардың сөну себептерін жойғаннан кейін жанарғыларды тұтандыру.	Қазандықтың меншік иесі және шебер-баптаушы
Қазандықтағы су температурасы артқанда негізгі жанарғылар сөнбейді	Жылу реттеуішінің манометрлі торабының қайта қымталуы	Жылу реттеуішін ауыстыру	Шебер-баптаушы

### **3 САҚТАУ**

3.1 Қазандықтарды сақтауды жабық үй-жайларда оралған түрінде жүзеге асыру қажет. Сақтау шарттарының тобы 4 (Ж2) МемСТ15150-69 бойынша.

3.2 Кепілді сақтау мерзімі - шығарылған күннен бастап 12 ай.

### **4 ТАСЫМАЛДАУ**

4.1 Қазандықтарды оралған түрінде тасымалдайды.

- Қазандықтар кез-келген көлік түрімен нақты көлік түріне қолданылатын жүкті тасымалдау қағидаларына сәйкес тасымалданады.
- Қазандықтар тек орамасында көрсетілген күйінде ғана тасымалданады. Тасымалдау кезінде қазандықтарды көлденең және тік орын алмасудан сенімді түрде бекітуді көздеу қажет.
- Қазандықтар тиеу-түсіру жұмыстары мен тасымалдау кезінде атмосфералық жауын-шашынның әсеріне түспеуі қажет.

### **5 КӘДЕГЕ ЖАРАТУ**

5.1 Кәдеге жаратудың айрықша талаптары қойылмайды.

## **6 ӨНДІРУШІНІҢ КЕПІЛДІКТЕРІ**

6.1 Өндіруші қазандықтың ТШ-4931-048-07508919-2000 талаптарына сәйкестігіне тасымалдау, сақтау, монтаж жасау және пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда кепілдік береді.

*6.2 Кепілді пайдалану мерзімі бұйымның соңғы пайдаланушыға сатылған күнінен бастап 24 айды құрайды, алайда тасымалдау, сақтау, монтаж жасау және пайдалану шарттарын сақтамаған жағдайда шығарылған күнінен бастап 36 айдан артық емес. 14-інші пайдалану айынан бастап кепілдік тек жыл сайын сервистік қызметтен өту туралы белгісі болғанда ғана жарамды. Жиі сервистік техникалық қызмет көрсету тұтынушының жеке қаражатының есебінен жүргізіледі, не болмаса бұйымға қызмет көрсетуге арналған шарттың құнына кіреді.*

Бұйымға арналған жалпы кепілді мерзім аяқталғанда тораптары мен жиынтықтаушы бөлшектеріне арналған кепілдік осы бөлшектерге жолдама техникалық құжатқа сәйкес беріледі.

Кепілді жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізгенде келесі қағидаттарды басшылыққа алу қажет:

- жылу алмастырғыш істен шыққан кезде жылу алмастырғыш ауыстырылуы керек;
- автоматика элементтері істен шыққан кезде тек осы бөлшектері ғана ауыстырылады, қазандықты ауыстырудың қажеттілігі жоқ.

***Кепілдік тек келесі шарттарды міндетті түрде сақтағанда ғана жарамды:***

- монтаж бен іске қосып-баптау жұмыстарын РФ Өңірлік даму министрінің 30.12.2009ж. №624 бұйрығына сәйкес жұмыс түрлеріне рұқсаты туралы куәлігі бар, сондай-ақ РФ Заңнамасына сәйкес осы жұмыс түрлерін жүргізуге арналған өзге де рұқсат құжаттары мен лицензиялары бар, сонымен бірге бұйымды монтаж жасау мен пайдалану жөніндегі жергілікті нормалар мен басшылық ұйғарымдарын, мемлекеттік стандарттардың (МемСТ), қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелерін (ҚНжәнеЕ) сақтай отырып, ұйымдардың мамандары жүргізгенде;
- бұйым монтаж жасауға дейін құрғақ үй-жайда сақталуы тиіс;
- соңғы пайдаланушының бұйымның пайдалануға енгізілуін растайтын қазандықты орнатуға арналған толтырылған бақылау талоны мен кепілдік талоны болуы тиіс.



### **6.3 Кепілдік міндеттемелері мына жағдайларда тоқтатылады:**

- - Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген бұйымды сақтау, тасымалдау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелерін бұзғанда;
- - қазандықты орнатуға арналған толтырылған кепілді талон мен бақылау талонының болмауы;
- - жыл сайын сервистік техникалық қызмет көрсетуден өтуі туралы белгінің болмауы (бұйымды пайдалануға енгізген күннен бастап 14-інші ай аяқталғанда);
- - бұйымның жұмысқа қабілеттілігін бұзған қосалқы бөлшектерін өзіндік жөндеу, демонтаж, ауыстыру;
- - берілген жұмыстарды жүргізуге тиісті рұқсаттары жоқ тұлғалардың монтаж жасау, іске қосып-баптау, жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарын жүргізу;
- - бұйымның монтаж жасау және пайдалану процесінде механикалық бұзылуы;
- - қазандықтың үстіңгі бетіне агрессивті химиялық заттардың және т.б. түсуінен болған бұзылу;
- - қазандықтың конструкциясына өзгертулер енгізу;
- - судың қатуынан болған бұзылу бұзылулар;
- - қазандықтың ішіне бөгде заттардың, нәрселердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің және т.б. түсіп кетуінен болған бұзылулар;
- - апат, өрт, тұрмыстық факторлардан болған бұзылулар;
- - бұйымның тетіктерінде және тораптарында қақтың пайда болу себептерінен жабдықтың жұмысының нашарлауы немесе бұзылуы;
- - газ немесе сумен қамтамасыз ету желілерінің параметрлерінің бір немесе жиі өзгеруін болдырмау;
- - бұйымды тағайындалу мақсатына сай пайдаланбау.

**Кепілдік шарттарымен таныстым \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_)**  
**сатып алушының қолы сатып алушының Т.А.Ә.**

## 7 ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

КОВ-\_\_\_\_\_СТ\_\_\_\_1 пс «Сигнал» су жылытатын жылыту қазандығы,  
завод номері \_\_\_\_\_ мемлекеттік стандарттардың,  
қолданыстағы техникалық құжаттамалардың міндетті талаптарына сәйкес  
жасалып, қабылданды және пайдалануға жарамды деп танылды.

Қазандық ұқсастырып жасаудан № \_\_\_\_\_  
сәйкестендіру таңбасымен қорғалған.

Қазандық Кеден одағының ТР ТС 016/2011 «Газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін аппараттардың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Жылу алмастырғыш 0,45 МПа (4,5 кгс/см<sup>2</sup>) гидравликалық қысымымен беріктілікке және герметикалы болуына тексерілген.

Шығарылған күні \_\_\_\_\_  
(күні, айы, жылы)

Цехтың өкілі \_\_\_\_\_  
(жеке қолы, қолын таратып жазу)

ТББ бастығы М.О. \_\_\_\_\_  
(жеке қолы, қолын таратып жазу)

## 8 ҚАЗАНДЫҚТЫ ОРНАТУҒА АРНАЛҒАН БАҚЫЛАУ ТАЛОНЫ

1 КОВ-\_\_\_\_\_ СТ \_\_\_\_\_ 1 пс «Сигнал» қазандығын орнату күні \_\_\_\_\_

Зав.№ \_\_\_\_\_

2 Орнатылған мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3 Қызмет көрсетуші ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Адрес \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

4 Монтажды кім жүргізген \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

5 Қазандықты реттеу мен баптауды кім жүргізді (орнату орнында),

ұйымның мөртаңбасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

6 Газ жіберілген күн \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

7 Газды жіберген кім және нұсқама \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

8 Нұсқама тыңдалды, қазандықты пайдалану ережелерін меңгерді

\_\_\_\_\_

(абоненттің тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ 201 \_\_ ж.

\_\_\_\_\_  
(абоненттің қолы)

9 Талонды толтырған тұлғаның қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ 201 \_\_ ж.

\_\_\_\_\_  
(қолы)

## 9 № КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Қазандықтың үлгісі	КОВ-____СТ ____1 пс «Сигнал»	Сатылған күннен бастап кепілдік мерзімі	36 ай
Завод номері		Сату күні	
Сатушы фирма			
Сатушы фирманың мекенжайы	Сатушы фирманың мөрі  Сатушының қолы		
Сатушы фирманың телефоны			

### № 3 ҮЗІК ТАЛОНЫ

Сигнал-Теплотехника» ЖШҚ		Сатушы фирманың мөрі
Бұйым	КОВ-____СТ ____1 пс «Сигнал»	
Заво номері		
Кепілдік мерзімі		
Сатушы фирма		
Сату күні		

### № 2 ҮЗІК ТАЛОНЫ

Сигнал-Теплотехника» ЖШҚ		Сатушы фирманың мөрі
Бұйым	КОВ-____СТ ____1 пс «Сигнал»	
Заво номері		
Кепілдік мерзімі		
Сатушы фирма		
Сату күні		

### № 1 ҮЗІК ТАЛОНЫ

Сигнал-Теплотехника» ЖШҚ		Сатушы фирманың мөрі
Бұйым	КОВ-____СТ ____1 пс «Сигнал»	
Заво номері		
Кепілдік мерзімі		
Сатушы фирма		
Сату күні		

**По вопросам продаж и поддержки обращайтесь:**

Архангельск (8182)63-90-72  
Астана +7(7172)727-132  
Астрахань (8512)99-46-04  
Барнаул (3852)73-04-60  
Белгород (4722)40-23-64  
Брянск (4832)59-03-52  
Владивосток (423)249-28-31  
Волгоград (844)278-03-48  
Вологда (8172)26-41-59  
Воронеж (473)204-51-73  
Екатеринбург (343)384-55-89  
Иваново (4932)77-34-06  
Ижевск (3412)26-03-58  
Иркутск (395) 279-98-46  
Киргизия (996)312-96-26-47

Казань (843)206-01-48  
Калининград (4012)72-03-81  
Калуга (4842)92-23-67  
Кемерово (3842)65-04-62  
Киров (8332)68-02-04  
Краснодар (861)203-40-90  
Красноярск (391)204-63-61  
Курск (4712)77-13-04  
Липецк (4742)52-20-81  
Магнитогорск (3519)55-03-13  
Москва (495)268-04-70  
Мурманск (8152)59-64-93  
Набережные Челны (8552)20-53-41  
Нижний Новгород (831)429-08-12  
Казахстан (772)734-952-31

Новокузнецк (3843)20-46-81  
Новосибирск (383)227-86-73  
Омск (3812)21-46-40  
Орел (4862)44-53-42  
Оренбург (3532)37-68-04  
Пенза (8412)22-31-16  
Пермь (342)205-81-47  
Ростов-на-Дону (863)308-18-15  
Рязань (4912)46-61-64  
Самара (846)206-03-16  
Санкт-Петербург (812)309-46-40  
Саратов (845)249-38-78  
Севастополь (8692)22-31-93  
Симферополь (3652)67-13-56  
Таджикистан (992)427-82-92-69

Смоленск (4812)29-41-54  
Сочи (862)225-72-31  
Ставрополь (8652)20-65-13  
Сургут (3462)77-98-35  
Тверь (4822)63-31-35  
Томск (3822)98-41-53  
Тула (4872)74-02-29  
Тюмень (3452)66-21-18  
Ульяновск (8422)24-23-59  
Уфа (347)229-48-12  
Хабаровск (4212)92-98-04  
Челябинск (351)202-03-61  
Череповец (8202)49-02-64  
Ярославль (4852)69-52-93

**Эл. почта [kot@nt-rt.ru](mailto:kot@nt-rt.ru) || Сайт: <http://kov.nt-rt.ru>**